

Облыстық мәслихаттың және облыс әкімдігінің "Азаматтардың жеке меншігінде бола алатын жер учаскелері көлемдерінің шектік (максималды) көлемдері туралы" 2006 жылғы 15 қыркүйектегі бірлескен № 347/5 с шешімі мен қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы мәслихатының және Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі бірлескен № 77/4 бр шешімі мен қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 7 қарашада № 3876 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50-бабының 3-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының және Қостанай облысы әкімдігінің "Азаматтардың жеке меншігінде бола алатын жер учаскелері көлемдерінің шектік (максималды) көлемдері туралы" 2006 жылғы 15 қыркүйектегі бірлескен № 347/5 бр шешімі мен қаулысына (2006 жылғы 7 қарашадағы "Қостанайские новости" және 2006 жылғы 3 қарашадағы "Қостанай таңы" газеттерінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3554 нөмірмен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті(максималды) ең жоғары көлемі туралы";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"Жеке меншікте болуы мүмкін Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жер учаскелерінің шекті көлемдері белгіленсін."

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының _____ Н. Садуақасов	әкімі	Сессия _____	төрағасы
		Қостанай _____	облыстық
		мәслихатының _____	хатшысы
		_____ С. Ещанов	

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Жер
ресурстарын басқару агенттігінің
Қостанай облысы бойынша аумақтық
жер инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Т. Төлеубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК